



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Кәсіптік оқытудың тиімділігі

**Былтыр шілде айында skills.enbek.kz онлайн кәсіптік оқыту платформасы іске қосылған сәттен бастап 142 мың азамат, оның ішінде 25 мыңға жуық жұмыссыз адам курстан өткені туралы сертификат алды. Платформада жалпы 179,1 мың қазақстандық тіркелді, оның 165,7 мыңы 2022 жылы тіркелген.**

Оқудан өткен 25 мың жұмыссыз азаматтың 7,6 мыңы – негізінен Ақтөбе, Алматы, Қызылорда, Түркістан облыстары мен Алматы қаласының жастары.

Платформа іске қосылған сәттен бастап авторлар онда әртүрлі бағыт бойынша 162 курс жариялады, оның 106-ы тегін. Курстардың ұзақтығы 1-ден 72 сағатқа дейін. Ең танымал курстар – «Сүтті ірі қара өсіру», «Қызметкерлерді басқару», «Бүлдірген өсіру», «Кассир» және «Ұннан жасалған кондитер өнімдері, жіктелуі және дайындалу технологиясы».

Бұдан бұрын хабарлағандай, платформа халықтың білім деңгейі мен кәсібилігін арттыруға, мансаптық даму-

Онлайн курсты сәтті аяқтаған жағдайда дағдыларды игеру туралы сертификат беріледі. Курсты аяқтаудың міндетті шарты – студент тарапынан курсты бағалау. Бұл сертификат Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) тіркелген кезде білім алушы жасаған түйіндемеді автоматты түрде көрсетіледі. Қызметкерлерді іздеу кезінде әлеуетті жұмыс беруші skills.enbek.kz-те табысты оқудан кейін алынған сертификаттарды көре алады.

2022 жылғы наурыздан бастап платформада қолданыстағы функционал оңтайландырылып, жаңа сервистер іске қосылғанын естеріңізге сала кетейік. Атап айтқанда, курстарды іздеу жетілдірілді, сабақтардың түсінікті құрылымы жасалды, оқу процесін бақылау және курс авторларымен жылдам өзара әрекеттесу мүмкіндігі пайда болды.

Курс авторлары үшін ыңғайлы сабақ құрастырушы қолжетімді, жарияланған курстардың статистикасы мен тиімділігін қарау, сертификаттардың әртүрлі дизайны қарастырылған, сонымен қатар оқу құнын алдын-ала есептеуге арналған онлайн-калькулятор бар.

Авторлар мен әзірлеуші-



## Президент Грекияның Сыртқы істер министрін қабылдады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Грекияның Сыртқы істер министрі Николаос Дендиасты қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.**

Кездесу барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға баса мән беріліп, Қазақстан мен Грекия арасындағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Грекияның Еуропалық Од-



аққа мүше мемлекеттер арасында маңызды серіктес елдердің бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ екі ел көпжақты алаңдарда өзара тығыз қарым-қатынас жасап

келе жатқанын айтты.

«Грекиямен арадағы байланыстар біз үшін басымдық саналатынын тағы да атап өткім келеді. Біз өзара ынтымақтастық көрсеткіштерін жаңа деңгейге көтеру үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз», деді Президент.

Николаос Дендиас екіжақты және көпжақты ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

«Біз Қазақстанды өңірдегі тұрақтылыққа кепіл болатын Орталық Азиядағы ең ірі және қасымдыққа ие ел ретінде қарастыратынымызды атап өткім келеді. Грекия Сіздің еліңізбен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын», деді министр.

Әңгіме барысында тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



ды ынталандыруға және «өмір бойы оқыту» тұжырымдамасын ілгерілетуге бағытталған. Бұл маркетинг-кейтер нарығы қағидаты бойынша онлайн курстарға қол жеткізуді ұсынатын халықаралық оқыту алаңдарына ұқсас құрылған. Оқуға тікелей <https://skills.enbek.kz/> сілтемесі арқылы немесе Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) «Онлайн оқыту» бөлімін таңдау арқылы өтуге болады.

Платформада білім алушы оқытудың қолайлы қарқыны мен тілді, материалды берудің ыңғайлы қағидатын өз бетінше таңдайды, білім беру процесіндегі өзінің дамуын бақылай алады.

Оқу аяқталғаннан кейін білім алушы 70% шекті деңгеймен тестілеу тапсыруға тиіс.

лерге арналған платформада онлайн курстарды орналастыру тегін. Курстар мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылуы мүмкін, ақпарат берудің әртүрлі форматтары: мәтін, презентация, бейне және аудио материалдар, инфографика және басқа түрлері болуға тиіс. Ұсынылатын онлайн курстардың ұзақтығы 6-дан 144 сағатқа дейін. Платформаның ерекше қажеттіліктері бар студенттер үшін интерфейсін бейімдеу мүмкіндігі бар.

skills.enbek.kz-те тіркелу және платформада жұмыс істеуге қатысты барлық сұрақ бойынша «ЕРДО» АҚ жауапты қызметкерлерімен байланысуды сұраймыз: 8 (7172) 95 43 17 (ішкі. 877, 878).

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**

## Жұмысынан айырылғандарға төленетін әлеуметтік жарна көлемі өседі

**Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова жазатайым оқиғаларға қатысты жұмыс берушілер үшін сақтандыру тарифтерін төмендету жоспарлары туралы хабарлады, деп жазады Egemen.kz.**

«Бұдан басқа, қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыруды жүзеге асыратын жұмыс берушілер үшін сақтандыру тарифтерін төмендету көзделген. Ставкалар ең төменгі және ең жоғары мәндерге ие болып, бұл мәндерді таңдау өндірістегі жазатайым оқиғалардың, жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың деңгейіне байланысты болады», деп түсіндірді Тамара Дүйсенова Үкімет сағаты барысында.

Оның айтуынша, ставкаларды төмендету бойынша қабылданып жатқан шаралар мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан және сақтандыру компанияларынан төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшерін кезек-кезеңімен арттырумен қатар жүзеге асырылады.



«Келесі жылдан бастап жұмысынан айырылған азаматтарға жарналарды төлеу кезеңіне сәйкес МӘСҚ-дан 6 айға дейінгі бұрынғы табысының 45% мөлшерінде төлемдер қарастырылған», деп түйіндеді Тамара Дүйсенова.



## Қоғамдық ұйымдар марапатталды

Түркістан облысы Азаматтық Альянстың ұйымдастыруымен, Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Түркістан облысының аудан, қаладағы үкіметтік емес ұйымдардың дамуына қолдау көрсету мақсатында

Жалпы азаматтық қоғам мен жергілікті биліктің арасында алтын көпір болып жүрген қоғамдық ұйымдардың жұмыстарын бағалап, ынталандырып, қолдау көрсетіп жүрген Азаматтық Альянсы ЗТҚ, Қоғамдық да-

рушы органдармен бірлесіп жұмысты күшейтуге тиісті басқармалардан қолдау көрсетілсе және «Ақпараттық-ресурстық орталықтарының» жұмысын жандандыруға ықпал жасалса, нұр үстіне нұр болар еді.



“Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесі” өтіп, “АСАР” Түркістан облысының мүгедектер қоғамы, Созақ аудандық филиалының атынан ұсынған жобамызды қорғап шықтым.

му басқармасы, “Береке” қоғамдық бірлестігіне алғыс білдіремін.

Созақ ауданындағы заңды түрде тіркелген қоғамдық ұйымдардың белсенділігін арттыруға, жергілікті басқа-

**Біржан САРЖАН,**  
**«Асар» облыстық мүгедектер қоғамы Созақ аудандық филиалының төрағасы.**



## ҚАРАТАУДЫҢ ҚЫРАНЫ

Шымкент қаласы «Қаратау» дәстүрлі өнер мектебінде ұстаз, әнші, жерлесіміз Кенжебай Шалұлының «Қаратаудың қыраны» атты шығармашылық кеші болып өтті.

Шығармашылық кешке Түркістан облысының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков, Созақ ауданының Құрметті азаматтары Аманғали Аймұрзаев, Сайлау Асқарбеков, Шымкент қалалық мәдениет басқармасының бөлім басшысы Бауыржан Орынтаев, Созақ

ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Нұралы Айдаров, кәсіподақ ұйымының төрағасы Манас Қасымов, Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия директоры Айбар Күзенбаев қатысып, дәстүрлі әншілік өнерді ұлықтап, ұлттық болмысымызды дәріптеп жүрген ұстаз туралы сөз қозғап, ыстық ықыластарын жеткізді. Сондай-ақ, Құмкент ауыл округі әкімі Фани Пәрдебекұлы, ұлттық болмысымызды дәріптеп жүрген ұстаз, әнші, жерлесіміз Кенжебай Шалұлына арнайы аудан әкімінің атынан шапан жауып, сый-сияпаты мен құттықтау хатын табыс етті.

Шығармашылық кешке жиналған зиялы қауым өкілдері мен ағайын-туыс, бауырлары, бірге қызмет еткен әріптестері Кенжебай Шалұлы туралы мән-мағынасы үйлескен, қызықты да тартымды ой өрбітіп, шығарма-

шыл жанның үздіксіз жасаған еңбектеріне тоқталды. Сондай-ақ, айтыскер ақын Нұрлан Есенқұлов арнау арнап, өзінің құттықтауын білдірді. Ал шәкірттері Ахат, Оразәлі, Илияс, Еламандар дәстүрлі ән шеруін жасап, «Қаратау қызғалдағы» би ансамблі ұлттық бимен сахнаның сәнін келтіріп, көрермендерге шаттық көңіл-күй сыйлады.

## АКЦИЯ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАЛҒАСУДА

“Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” акциясы Созақ ауданы Шолаққорған ауылы “Ертістік” бөбекжай -балабақшасында жалғасты. Балабақша меңгерушісі Г.Сағындықова, әдіскер Р.Саржанова саз жетекшілері Р.Сарманова, К.Тоқтыбаева тәрбиеші Г.Байтұяқова Созақ аудандық ПБ -нің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы полиция майоры А.Манаповамен ұйымдастыруымен, “Бақытты балалық” тақырыбында іс-шара өткізді.



Аталған шарада топ тәрбиеленушілері отанға, отбасына деген ыстық лебіздерін ән-билерімен жеткізе білді. Созақ аудандық ПБ-нің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы полиция майоры А.Манапова топтағы тәрбиеленушілерге тәттілер үлестіріп ыстық ықыласын білдіріп, сый-сияпатын табыс етті. Акцияға қатысушы бүлдіршіндер көптеген мағлұматтар алып, өз ой пікірлерін еркін айта білді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Жуантөбе ауылдық округі тұрғындарымен кездесу барысында, тұрғындар тарапынан ауыз су мәселесі көп көтерілген болатын. Қазіргі таңда аталған мәселе бойынша жүйелі жұмыстар атқарылды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ демеушілігімен тұрғындарды ауыз сумен 24 сағат толық қамтамасыз ету үшін 1 (бір) дана қосымша ұңғыма құдық қазылып, қолданысқа қосу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, халық сұранысына орай



## Халық сұранысы қанағаттандырылуда

IV деңгейлі бюджеттен Қазыбек би көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Айта кетейік, аудан басшысы халықпен өткізген есептік жиын барысында

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басшыларымен бірлесіп, алдағы уақыттарда халық игілігіне қызмет көрсететін басқада жобаларды жүзеге асыратынын жеткізген болатын.

## Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бақылауда

Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету әрбір мемлекеттік қызмет көрсетушілердің міндеттері болып табылады.

Қазақстан Республикасы

маманы Н.С.Үдербаев және «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ж.Бекбергенұлы қоғамдық бақылау жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуде.

Бұл ретте, Созақ ауданы



Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы, олардың процедураларын жетілдіру мен мемлекеттік қызметтер көрсету саласын цифрландыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылау жасау бойынша жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Бұл бағытта, Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі бөлімінің бас

әкімдігінің Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратына жүргізілді. Аппарат тарапынан қызмет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, қызмет алушыларға жасалған жағдайы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы және т.б. мәселелері қаралды. Бақылау барысында әрбір қызмет алушылардың өтініштеріне мұқият қарау қажеттілігі жеткізіліп, жұмыс барысында бірқатар ұсыныстар берілді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**



# Ербол үшін ел алғысы қымбат

Адам баласының өзінен бөлек өзге жанға да септігін тигізуі дүниеге келудегі “мәнді өмір сүру” деген тіркеске сәйкес келуі деп білемін. Ондай мамандықтар мен қарапайым адамдар көп әрине... Өз ісінің маманы болғанға не жетсін. “Шымшықты сойса да, қасапшы сойсын” деген мақал да осыған саяды. Қай жерің ауырса жаның сол жерде сияқты боп көрінеді емес пе?! “Ас тұрған жерде ауру тұрмас”, осы ретте тістің рөлі өте зор. Тіс дәрігері мамандары өз ойымша өте аз сияқты көрінеді. Аудан бойынша жеке басым 5 кісіні біледі екенмін (сырттай). Бірақ барлығының қызметіне жүгіндім деген сөз емес.



Жалпы тіс-адам ажарындағы сәлулық-саулықтың бір бөлігі дер едім. Менің бүгін қолыма қағаз-қалам алдырған осындай “тіс емдеу шебері”- Сызған ауылының тумасы- Ербол Нысанбаев туралы болмақ. Әрине, көпшілік арасынан емдесе өзі үшін ақысын алып отыр деушілер де табылар. Бұрыс пікір, бұл- көпшілікке пайдасы бар іс. Ербол өз сүйікті ісін атқару арқылы, елдің алғысын алып отыр.

Ибн Сина: “Дәрігердің 3 қаруы болады, 1-шісі-пышақ, 2-шісі-шөп, 3-шісі-сөз”-деген екен. Жалпы кез-келген мамандық иесінің ең мықты қаруы-“жылы сөз”. Ерболдың да алдына бара қалсаңыз, дәрігердің жылы қабағы, сыпайы сөздерінен бір сәтке тек тіс емес, бір аз дертіңізден айығып қалғандай боласыз. Кейбіреулер бұл жазбамды “жарнама” деп түсініп қалатын болар. Жоқ, Ербол менің жарнамама мұқтаж емес.

Шымкент қаласында да жоғары сұранысқа ие деп естідім. Алайда, Ербол өз ауылының, туған жеріндегі халықтың да тіс саулығын ойласа керек. Елге қызмет ету деген осы шығар. Ерболдың халқы көп шоғырланған Қазақстанның кез-келген ірі қалаларында жұмыс жасауға да әлеуеті жететінін осындағылар жақсы біледі.

Өзім барған уақытта администратор қыз кезекке жазылғандар келесі 2 айға дейін толып тұрғанын айтты. Бірақ соған қарамастан ауылдан барғандарды күттіріп қоймай уақыт тауып қарап жіберіп отыратыны да бар екен. Бұл ісіне ауылдан барған ағайындар да дән риза.

Таукент қалашығында орналасқан бұл “тіс емханасының” кіре берісінің өзін тіс емдеу емес демалыс орны ма деп қаласыз. Күту залы да жаныңызға жайлылық сыйлайды. Соңғы үлгіде жабдықталған. Барып жүрген кезімде Ерболдың жанында шәкірттері бар сияқты көрінді. Демек, Ербол халықтың дертіне дауа тауып қана қоймай, басқаларды да үйретіп табыс табуына, отбасыларын асырауға да мүмкіндік беріп отыр. Осындай мамандықты таңдап, көптің рахметіне бөленіп жүрген Ербол Нысанбаевқа көпшілікпен бөлісе отырып алғысымды жеткізім келді. Елдің алғысына бөлене бер! Ал сіздерге Ерболға тісіңіз ауырып емдетуге емес, тек сәнді етіп жөндеуге барыңыз, лажы болса “Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол іздеңіздер”-дегім келеді.

**Эльмира БАТЫРҚЫЗЫ,  
Басбұлақ ауылы.**



# Базардағы бағаға бақылау жасалды

Иә, «Үйдегі есепті базардағы нарық бұзар» деген халық даналығының сырын соңғы кездері Созақ халқы да қатты сезініп отыр. Шынында, нарықтан тарыққан халық басқа ештеңені ойлар емес. Бұл да заңдылық. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш баланы ойламайды»,- деп, бұқара тіпті халыққа шетелдерде және елімізде орын алып отырған саяси жағдайлар да аса қызық болмай отыр. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі»- деп, қазіргі кезде қоғамда көп қозғалатын тақырыптың бірі де бірегейі осы қымбатшылық жайы боп отыр. Міне, осы жағдайды ескерген аудандық Қоғамдық Кеңес мүшелері: Талғат Жұмақов, Гүлдана Бигондиева және Біржан Саржановтар Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы Алмат Алтыбаймен бірге Қарашаның 23 күні Шолаққорған ауылындағы көтерме сауда жасайтын азық-түлік дүкендерінің бірнешеуін аралап, базар бағасын бақылап қайтты. Базар бағасын зерделеуші топқа аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі және ауылдық «Парасат» клубының төрағасы ретінде шақырылған соң, мен баға бақылаушы топқа ілесіп шықтым. Сонымен, ең әуелі бұрынғы «Арай», қазіргі «Армада» сауда орталығына ат басын бұрдық. Онан соң, мына көтерме сауда дүкендері: «Іңкәр», Қайсар», Байбек» (бұрынғы Жүрсін) және «Ақниет» (Жібек Жолы 2 көшесіндегі) мен бірнеше ет дүкендеріне соғып, азық-түлік пен еттің бағасын бақылап қайттық. Жалпы, оқырмандарымыз да білетіндей, елімізде үкіметтің күнделікті тұтынатын 19 тауарға қатысты нақты бағасы бар. Соның ішінде Түркістан облысының ікімдігі 2019 жылғы 4 Қарашадағы №253 қаулысымен бекітілген облыс аумағына жасаған арнайы баға кестесі де бар. Демек, бүгінгі базардағы бағаны зерделеудің мақсаты да сол облыс әкімдігі 2019 жылдың 4 қарашасында № 253 қаулымен бекітіп берген кесте қаншалықты біздің ауданымызда жұмыс жасап жатыр дегенге көз жеткізу еді. Сондай-ақ, Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды бекіту тетіктерін жүзеге асыру Қағидаларын бекіту жөніндегі әлгі №253 қаулы біздің ауданымызда жұмыс жасамай жатса, тиісті бөлім басшысын Қарашаның 30 күні өтетін Қоғамдық кеңестің кезекті отырысына шақырып, сұрақтар беріп, нақты жауаптар алу да жоспары болатын. Сонымен, ауданымыздың орталығы болып саналатын Шолаққорған ауылындағы 5 бірдей көтерме сауда дүкендерін ара-

лап, зерделегендегі жұмысшы топтың анықтағаны мынау болды: Ұн, нан, қарақұмық (гречка), күріш, пияз, қант, сүт, жұмыртқа мен тұздың бағалары шектік бағадан едәуір жоғары екені анықталды! Міне, ағайын! Қоғамдық кеңес мүшелері және Кәсіпкерлік бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп барғандағы көз жеткізгеніміз осы болды. Әрине, жоғарыда айтқанымыздай бұл жайында қоғамдық кеңестің отырысында аудандық Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірмановтан анықтап беруін сұрады. Сондағы Қайырбек Сәрсенбекұлының жауабы: «Дұрыс, өздеріңіз байқандай біз тізімін бірдей көтерме-сауда дүкендеріндегі 6-7 түрлі азық-түліктің бағасы шектік бағадан асып отыр. Оны біз де мамандарымызды жіберіп күнделікті мониторинг жүргізу арқылы да біліп отырмыз. Тек, біз мұнымен тынбай Шымкент қаласындағы «Әкбар», «Барыс», «Жібек жолы» базарларындағы бағаны да жиі бақылап отырмыз. Айтайын дегенім, жоғарыда аталған көтерме-сауда базарла-

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығын қорыта келе, менің бар үмітім, кеше ғана Президент сайлауынан жеңіп шығып, Мемлекет басшысы қызметіне қайта кіріскен Қасым-Жомарт Кемелұлының сайлауалды бағдарламаларында алдағы уақыттарда жүргіземін деген саяси реформаларында. Оның ішінде, Ұлықтау рәсіміндегі сөйлеген сөзінің шымалдығы болған: «Мен сайлауалды сөздерімде ауылды өркендету ісіне баса назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл- ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсарту алмас-ақ-бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоя-

мын!» сөзі ауылдағы ағайынның өшуге айналған үмітін жақты. Міне, нақ осы орайда менің, аудандық газеттің тілшісі, ауылдық «Парасат» клубының төрағасы ретіндегі ойым: «Бұл базардағы бағаны құрықтаудың бірден- бір жолы ауданымызда кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы саласын мейлінше дамыту. Ол үшін әрине, ауыл және мал шаруашылығымен және кәсіпкерлікпен айналысамыз деген барлық азаматтарымызға барлық жағдайды жасауымыз қажет. Атап айтар болсақ, ауыл шаруашылығымен (егістік егуген) айналысамын деген кәсіпкерлерімізге егістік жерлерді (әрине құнарлы жерлерден) беруді жеңілдеткен жөн. Тағы да сол егістіктерге баратын өзендер мен тоғандардың суларын реттеп, шаруалар шілдеде судан қысылмайтындай ету керек. Сондай-ақ, мемлекеттен берілетін қандайда бір қаржылай қолдау болатын болса, бірінше кезекте осындай кәсіпкер азаматтарымызға берген дұрыс. Кәсіпкерлігінің алғашқы жылдарын мейлінше салықтан,



рындағы бағаның өзі шарықтап кеткен. Сосын, сіздердің қолдарыңыздағы, Тәкеңнің (Жұмақов) облыстық Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы басқармасынан алған 19 азық-түлік тауарларының шектік бағасы 2021 жылдың басында жасалған. Онан бері 1 жыл уақыт өтті, мына Ресей мен Украинадағы соғыстың, батыстың Ресейге салған санкциясының салдарынан базардағы баға тағы бірнеше есеге шығып кеткенін өздеріңіз де көріп, естіп-біліп отырсыздар. Ал енді, сіздер аралап шыққан дүкендердің иелеріне, кәсіпкерлерімізге осыдан соң бары: «Сен неге шектік бағадан жоғары сатасың?» деуіміз қаншалықты дұрыс? Оның үстіне, кәсіпкерлікті тексеруге 3 жылға мараторий жарияланғанын өздеріңіз де білесіздер!» болды.

түрлі тексерістерден босатты, моральдық және материалдық қолдауды аямаған дұрыс. Сосын, уақыты жеткенде олар да елі мен жеріне және мемлекетіне үлкен пайда келтіретін болады. Сонда ғана ауданымызда азық-түлік тапшылығын, базардағы бағаның тұрақсыздығын шешіп, ауыл халқына әлгі 19 түрлі тауардың бағасын арзандатып беруге болады. Ол үшін әрине жергілікті билік пен бұқара бірлесіп, қайткенде кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласын дамытамыз деген тақырыптың айналасында ақылдасқанының, кеңескенінің еш сәкеттігі жоқ. Бұрынғылар айтпақшы: «Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын» деген халық даналығын басшылыққа алған жөн!

**Данияр БЕК.**



Мен біраз жылдан бері аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қоғамдық қызмет атқарамын. Осы уақыт ішінде аудандағы 6000-на астам ардагерлерді жүзбе-жүз түгел танып, олардың өткен өмірін, қырсырын түгел білемін деп айтағанмен, көбісін жақсы білетінім анық. Әрине, зейнет жасына жетіп, ардагерлермен тікелей жұмыс істеген соң олармен жүздесіп, әңгімелесіп, пікір алмасасың, жұмыс жағдайына орай туындайтын мәселелер, өткен кеткен оқиғаларды айтып сыр шертесің. Мен жақсы білем деп жүрген қариялардың өздерінің парасаттылығына, кеудесінен шыққан өнегелі сөздеріне, айтылған ғибратты әңгімелеріне, өмірге көзқарасына, құштарлығына, елім-жерім деп толғануына, қазақтың салт-дәстүрімен тіліне, жастар тәрбиесіне деген ойларына, қоғамдық жұмысқа деген белсенділігіне таң қалып, бұлкісі туралы әліде менің білмейтінім, білеті-



са, елге еңбегі сіңген, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан аудан ардагерлерінің еңбектеріне кеңінен тоқталған. Аудан ардагерлері бұл кітапты естелік шығарма ретінде ілтипатпен қабылдады. Зейнетке шыққаннан соң, қарап отырмай қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. 10-жылға жуық аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, 9-жылдай облыстық ардагерлер кеңесінің және 5-жыл «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің мүшесі болып қызметтер атқарды. Сексен жасқа келседе әліде аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі, тұрақты комиссия төрағасы, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектепте ұйымдастырылған «Әкелер мектебінің» төрағасы болып қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүр. Үлгілі отбасын қалыптастырды. Абекеңнен өрбіген 3 ұл, 2 қыз есейіп-өржетіп, жоғарғы білім алып, әртүрлі салада

## Сексеннің сеңгіріне шыққан сергек қария

німнен көп екен ғой деп қалың ойға қаласың. Дегенмен бұрыннан қалыптасқан мінезіме сәйкес, ол қарияның қызмет өткен жылдары адал атқарған істері, еліне деген қызметі, білімділігі, қарапайымдылығы, араласатын адамдарының, достарының көп болуы, еліне сыйлы болуы бірінші орында тұрады. Міне, осы қасиеттері арқылы адамды бағалауға болады деп білемін. Сондай қарияның бір де, бірегейімен үшін Мұсабек Аманбек Мұсабекұлы болып саналады. Ол кісі менен ит көйлек бұрын тоздырсада, әр салада бірге қызмет еттік, ойымыз, пікіріміз, егеменді елімізге деген көзқарасымызда толық болмасада бір жерден шығып жатады. Зейнет жасына жеткенге дейін өзі ауылшаруашылық

### Әбекеңе

*Түгендеп елді қарттарды,  
Еске сап бүгін жоқтарды.  
Зиялы ойды ақтарып,  
Әбеке сізде ат қалды.*

*Сыйласып қарт пен баламен,  
Ой түйдің, осы өнегелі.  
Демеуші таптың қоғамнан,  
Кітабыңды жазған демеген.*

*Қарттарға қызмет бұл істің,  
Бағалай білсек мұны шын.  
Әбеке сіздеі зейнеткер,  
Созақтың сыйлы ұлысың.*  
**Төлеген КӘРІБЕКОВ,  
ақын.**

маманы болсада, әр салада қызметтер атқарды. Іскерлігі, білімі, қызметіне деген берілгендігі ол кісіні бірте-бірте өсіріп, ауданға танымал басшы қызметкерлердің біріне айналдырды. Қысқаша айтқанда, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өзінің үлесін қосты. Ел мақтады, басшылар қолдады. Атқарған қызметтері еленбей қалған жоқ. Марапаттарға, алғыстарға ие болды. Созақ ауданының «Құрметті азаматы» атанды. Ол кісі қоғамдық жұмыстармен қатар, шығармашылықпен де айналысады. Созақ ауданының 90 жылдық мерей тойына орай «Ардагерлер асыл қазынамыз» атты кітап жазып, онда Республика, облыс, аудандық ардагерлер ұйымдарының қысқаша тарихы баяндал-

жемісті еңбек етіп жүр. Аманбек Мұсабекұлы бүгінде 18 немере, 2 шөбере сүйіп отырған ардақты әке. 2021 жылы облыстық ардагерлер кеңесі ұйымдастырған «Үлгілі әке» номинациясының иегері. Абекең 80 жасқа келсе де әлде ширақ. Алла берген денсаулығының арқасында бақуатты, ұл-қыздарымен немерелерінің қызығын көріп, аудан ардагерлеріне сыйлы, құрметті қария болып, ел құрметіне бөленуде. «Қариясы бар елдің – қазынасы мол» дегендей, қазыналы қарияларымыз көп болсын!

**Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,  
Созақ аудандық ардагерлер  
кеңесінің төрағасы.**

## ҚҰМКЕНТТЕП ҚҰНТТЫ ШАРА



Құмкент ауылының орталығындағы Ерлан Тұрабаев атындағы спорт сарайында кіші футболдан Ерлан Тұрабаев атындағы республикалық алғашқы еске алу турнирі жалауын көтерді. Аталмыш турнирге он команда қатысты. Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, Ерланның әкесі Созақ ауданының Құрметті азаматы Аманжол Тұрабаев, қайын атасы Оңдыбай Тастанбеков, ауыл әкімі Фани Пардабекұлы, институтта бірге оқыған достары атынан Тәңірберген Зұлпыхар, Қасымқұлов Бижігіт, кластастары атынан Көбенов Абай, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Есен Досболов, «Созақ

үні» газетінің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай Ерекенді еске алып, естелік сөздер айтты. Ерлан турнирінде Сәтбаев-1, Сәтбаев-2, Жайылма, Саудакент, Бөкенов, Балалар спорт мектебі-1, Балалар спорт мектебі-2, Әуезов, Созақ, Кемелжұлы командалары белсенді ойын өрнегін көрсетті. Спорт жарысына Ерланның курстас достары Зұлпыхар, Оңғарбек, Бижігіт, Нұрлан, ауылдас достары Абай, кластасы Көшер



Берік, Қ.Сәтбаев атындағы мектептің ер мұғалімдері, Құмкент ауылдық аурухана жұмыс қаржылай қолдауларын білдірді. Ойын өрнегі барысында бірінші орынды Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебі, екінші орынды Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектебі, үшінші орынды Құлыншақ Кемелжұлы атындағы жалпы орта мектебі, төртінші орынды Созақ командалары өзара бөлісті. Енді жекелеген ойыншыларға келсек, «Үздік шабуылшы» - Нәби Темірәлі (Бөкенов), «Үздік қорғаушы» - Құлжабай Елнұр (Созақ), «Ең жас ойыншы» - Тұрсынбай Едіге (Кемелжұлы), «Үздік мерген» - Шынтаев Нұргелді (Сәтбаев), «Үздік қақпашы» - Базарбай Беколжас (Сәтбаев) деп танылып арнайы марапаттарға ие болды. Түскі мезгілде Аманжол көкеміздің шаңырағында Ерлан Аманжолұлы Тұрабаевтың рухына бағыштап құран оқылып, ас берілді. Шараның ұйымдастыру комитеті келесі жылы Алла Тағала амандық берсе күннің жылымық кезі – қыркүйек айының ортан бөлінде кезекті республикалық турнирді аудан орталығы Шолаққорған селосында өткізетін болып пәтуаласты. Баршаңызға бастысы амандық, денсаулық, жақсы күндер тілейміз! Көріскенше күн жақсы болсын!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**





# Саналы ғұмыры салықалы өнегеге толы

Адам болып дүниеге келген соң, Алла берген аз ғұмырда лайықты өмір сүру парыз. Азаматқа тән еңбек етіп, үнемі ізденіп, барлық жақсылық пен қуанышқа қажырлы ісқимылының арқасында қол жеткізу бір ғанибет. Сондай азаматтың бірі-желтоқсан айының басында сексеннің сеңгіріне шыққан, елдің ыстық ыстық ілтипаты мен мейірім шапағатына бөленген, еңбек ардагері Мұсабекұлы Аманбек ағамыз. Ұлы Отан соғысы жылдары өзге шаңырақтағылар сияқты үш жастағы Аманбектің де отбасын майдан өрті шалып өтті. Әкесі Мұсабектің бірге туған екі бірдей бауыры Болатбек пен Балғабек соғысқа аттанды. «Ағалары аман-есен келсін!» деген ниетпен 1942 жылы 5 желтоқсанда өмір есігін ашқан ұлының есімін есті әке Аманбек деп азан шақырып қояды. Сондай-ақ Аманбектің соңынан ерген, 1944 жылы туған інісінің есімін Тынышбек деп қойып Жеңісті жақындатуға ниет етеді.

Әкесі Мұсабек-Түркістандағы діни медреседе білім алып, имандылық иіріміне қадам басқанымен, заман ағымы оған жол бермей, өмірінің соңына дейін салық (агент) саласында абыройлы еңбек етуге тура келеді.

Анасы Ұлжан да инабатты, иманды, өмірден түйгені мол жан еді. Әбекеңнің балалық шағы өткен жер-қарт Қаратаудың Теріскей бетіндегі талай тарих жасырынып жатқан Қарақұр маңындағы шағын төрт-бес үйлі-Ағалақ елді мекені.

Соғыстан кейінгі жоқшылық пен ауыр бейнеттің дәмін татқан ол 6 жасында 1948 жылы мектепке барып, 1958 жылы Созақ ауылындағы орта мектепті бітіреді. Алайда «үш жыл тәжірибе жинақтамағандар жоғарғы оқу орнына қабылданбасын» деген Хрущевтің солақай саясаты оның арманына кедергі болады.

Содан үш жыл Созақ кеңшарында жұмысшы, шопанның көмекшісі болып еңбек етеді. Білімге деген құштарлық жігерлі де жалынды жасты Алматы зоотехникалық-ветеринарлық институтының малдәрігерлік факультетіне жетелейді.

Соғыс жылдарында туылған жастардың әскерге шақырылу саны аз болуына байланысты 1964 жылы 4-ші курс оқып жүрген кезінде Кеңес әскері қатарына әскери қызмет етуге шақырылады.

Ресейдің Калуга қаласында 8 айлық әскери курсты бітіріп 1 санаттағы радио- телеграфист маман-

дығын алады. Одан кейін Украинаның Одесса қаласындағы ерекше құпия әскери бөлімінде осы мамандық бойынша қызмет етеді. 1965 жылы әскердегі үлгілі қызметін ескеріп оны коммунист ретінде партия қатарына қабылдайды.

1967 жылы әскерден оралып, студент қатарына қайта қосылып, 1969 жылы малдәрігері мамандығын алып шықты.

Институт бітірісімен еңбек жолы Қарағанды облысында жалғасады. Қарқаралы зоовет техникумына арнайы жолдамамен барып, онда екі жыл ұстаздық қызмет атқарады.

1971 жылы елге оралып, Созақ ауылындағы кәсіптік-техникалық училищеде директордың орынбасары, әрі партия ұйымының хатшысы болады. Өз қызметін жауапкершілікпен атқару, бойдағы білім мен біліктілігі азаматты қызметтің биік сатысына көтеріп отырды.

Училищедегі тиянақты қызметімен көзге түскен Аманбекті 1972 жылы аудандық партия комитеті қызметке шақырып, ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы етіп тағайындайды.

1977 жылы Созақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Б.Ахметов шақырып алып, Жартытебе кеңшарына партком хатшысы қызметіне баруды ұсынады.

Жартытебе кеңшарында қызмет еткен кезінде жұмысты ұтымды ұйымдастыра білудің арқасында кеңшар 2-3 жыл көлемінде аудандағы озық шаруашылық қатарына қосылды. Әбекеңнің ерен еңбегі бағаланып, ол аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланады.

Кеңестік жүйеде қайта құру кезеңі басталған шақта Әбекең аудандық қызметке ауыстырылды. Сөйтіп, аудандық ветаптека меңгерушісі, ауыл шаруашылығы басқармасының Бас мемлекеттік инспекторы, халық депутаттары аудандық кеңесінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін де абыроймен атқарады.

Кеңестік жүйе күйреп, тәуелсіз ел атанып, жаңа әкімшілік құрылымдар пайда болған кезде тәжірибесі толысқан Аманбекке аудан әкімі аппаратына- басшылық жасау ұсынылады. Сөйтіп 1992 жылы жаңа жүйе-аудан әкімінің аппарат басшысы болып тағайындалады.

Мұнан соң алты жыл уран өндірісінің орталығы Таукент поселкелік әкімшілігіне басшылық етті. Ол кез жаңа қоғамның жаңалығын қабылдай алмай әрі-сәрі күй кешкен, жұмыссыздық белең алып, жұрт біткеннің базар жағалап кеткен тұсы

еді. Кеншілер қалашығы да мұндай ауыртпалықтан тыс қалмаған болатын. Ол уақыт отандық кәсіпорындарымен бірге, шетелдік компаниялар жұмысын енді ғана бастаған кезең еді.

Өндіріс орындарына жұмыс істейтіндердің ішінде жергілікті ұлт өкілдері, оның ішінде аудан азаматтары өте аз болатын. Оның басты себептерінің бірі уран өндірісіне қажетті мамандардың болмауы еді. Міне, осындай қиын шақта Әбекең бірнеше ұлт өкілдері тоғысқан поселкіде береке-бірлік пен әлеуметтік ахуалдың тұрақты болуына барынша жұмыс жасады.

Әбекең жергілікті мамандар мен жұмысшы кадрларды дайындау мәселесі бойынша аудан, облыс әкімшіліктеріне, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ басшылығына хат жазып, арнайы барып шұғыл әрекеттер жасады. Соның нәтижесінде Созақ кәсіптік-техникалық училищесі жанынан уран өндірісіне қажетті 4 мамандық бойынша филиал ашылып жұмыс істей бастады. Міне, содан бері 20 жылдан астам уақыт өтті. Қазір уран өндірісінде істейтін жергілікті халық өкілдерінің үлесі 60-70 пайызға жетіп отыр. Одан кейін Әбекең 2002-2006 жылдары аудан әкімдігі жұмыспен қамту бөлімінің басшысы болып қызмет атқарып, абыройымен зейнетке шықты.

Аманбек Мұсабекұлы зейнеткерлік жаста болса да қоғамда өз орны бар азамат, белсенді қайраткер. Ол 2007 жылдан 10 жылға жуық аудандық ардагерлер ұйымын басқарды. Ол ұйымды басқарған жылдары аудандағы бастауыш ардагерлер ұйымдары біршама нығая түсті. Барлық ауыл әкімдіктеріне арнайы жұмыс орындары белгіленіп, зейнеткерлердің тұрмыс жағдайына көңіл бөлінді, жастармен тәрбие жұмыстары жақсара түсті.

Парасат пайымы мол, жоспарланған ісін орындалуын қатаң бақылайтын талапшыл тура мінезінің, әділдік пен адалдықты жақтай білетін қасиеттерінің арқасында ол зейнеткерлердің қолдауына, құрметіне бөленді. Қазір де қоғамдық жұмыстарға белсене араласуда. Ол аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі, тұрақты комиссия төрағасы, сондай-ақ А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде ата-аналар комитетінің төрағасы және әкелер мектебі ұйымының жетекшісі қоғамдық қызметтерін атқарып жүр.

2016 жылы ауданда құрылған қоғамдық кеңестің тұңғыш төрағасы

болып сайланған. Ол кезінде 9 жылдай облыстың ардагерлер кеңесінің төралқа мүшесі, 5 жыл «Ардагерлер ұйымы» Қазақстан Республикасы қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің мүшесі болды. 2014 жылдан «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағының иегері. Абыройлы азамат елге сіңірген еңбегі нәтижесінде аудан халқынан әр уақытта өз бағасын алып келеді.

«Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 және 50 жылдығы», Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздігіне 10 және 20 жыл», «Еңбек ардагері», «Армия генералы, Кеңес одағының Батыры, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс Министрі, Халық Қаһарманы Сағдат Нұрмағанбетов атындағы», «Қазақстан Ассамблеясына 20 жыл», «Чернобыль апатына 25 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. Республикалық ардагерлер ұйымының Құрмет грамотасымен және дипломымен, Оңтүстік Қазақстан, Түркістан облысы әкімінің Грамотасымен,

облыстық мәслихат грамотасымен марапатталды.

Әбекеңнен өрбіген 3 ұл 2 қыз есейіп-ержетіп жоғары білім алып, әртүрлі салада жемісті еңбек етіп жүр. Аманбек Мұсабекұлы бүгінде 18 немере 2 шөбере сүйіп отырған ардақты әке. Ол 2021 жылы облыстық ардагерлер кеңесі ұйымдастырған «Үлгілі әке» номинациясының иегері.

Әбекеңнің сан қырлы қоғамдық қызметтерінің бірі қайырымдылық. Ол 2016 жылдан бері өзі құрған «Зейнет» атты Созақ ауданының қоғамдық қайырымдылық қорын басқарып келеді. Оның ауданда әлеуметтік мәселелерді шешуде елеулі орны бар.

Аманбек ағамыздың тағы бір қыры-ол шалымдылар ойыны әрі өнер, әрі спорт болып табылатын шахмат ойынының жанашыры. Ал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып тұрған кезде жыл сайын ардагерлер арасында шахматтан аудандық жарыс өткізіп отыру қалыпты дәстүрге айналды. Әбекең өз бастамасымен демеушілер тарту арқылы 3 рет шахматтан Созақ ауданының біріншілігін ұйымдастырды. Өзі осы жарыстарға белсене қатысып, 1 рет аудан чемпионы, 3 рет ардагерлер жарысының чемпионы атанған жайы бар. Мерей той иесі жайлы әсерлі әңгіме әлі де жалғасын таба бермек. Ол жасынан пәни тіршіліктің көңілге қонымды жақтарын екшеп, бойға сіңірді. Оның сөзінен де, атқарған ісінен де елді, жерді құрметтеу, сезімдерін намыс пен абыройды биік қоятыны бірден аңғарылады. Аманбек Мұсабекұлы қоғамдық қызметтермен қатар шығармашылықпен айналысып Созақ елінің 90 жыл мерей тойына орай «Ардагерлер- асыл қазынамыз» атты кітап шығарды. Кітапта Республика, облыс, аудан ардагерлер ұйымдары және Созақтағы 12 ауылдың ардагерлер ұйымдарының қысқаша тарихы баяндалған. Аудан жұртшылығы бұл кітапты танымдық дүние ретінде ілтипатпен қабылдады. Сондай-ақ оның «Ұлттық салт-дәстүрімізбен әдеп-ғұрыптарымызды құрметтейік»-атты шағын кітапшасы жарық көрді. Аудан жұртшылығы алыс-жақыннан танитын Әбекең ақсақал осындай жан. Мерейтойыңыз құтты болып тоқсан, жүздің ауылына атыңыздың басын бұра беріңіз ардагер аға!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,**  
**Қазақстан Жазушылар**  
**одағының мүшесі.**



Жақында аудандық тілдерді дамыту және мәдениет бөлімінің орталықтандырылған кітапхана жүйесінің, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің мамандарының ұйымдастыруымен «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің тұңғыш директоры, «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» төс белгісінің иегері Баймұрзаева Айтжамал Жантеліқызының 70 жылдығына арналған «Кітаппен өткен ғұмыры» атты еске алу кеші болып өтті.

«Мыңжылқы» мәдениет үйінің екінші қабатындағы фойеде инсталляциялар жасалып, Айтжамал Жантеліқызына арналған «Қайталанбас дара тұлға», «Мәңгілік өшпес бейне», «Кітаппен өткен ғұмыр», «Жарқын бейне», «Зиялыдан қалған сөз», «Ғанибетті ғұмыры, ғибратқа толы еді...» тақырыптарында естелік суреттерден, жазба материалдардан көрмелер ұйымдастырылып, еске



қараған шағында, жалған өмірдің есігін жауып, мәңгілік сапарға кете барды...

Білікті маман, іскер басшы ретінде Айтжамал Жантеліқызының еңбектері әр кезеңдерде лайықты ескеріліп, көптеген жоғары марапаттарға ие болған. Атап айтсақ, Тұңғыш Президенттің «Алғыс хатымен» марапатталып, 1988 жылы Республика кітапханашыларының II съезіне делегат болады.

ҚР Мәдениет комитетінің «Құрмет грамотасы», облыс әкімінің «Құрмет грамотасы», басқа да атқарушы, өкілетті орган тарапынан Алғыс хаттар мен түрлі номинацияларға қол жеткізген. 2007 жылы «ҚР мәдениет қайраткері» төсбелгісіне ие болған. Оқырмандардың назарына қысқаша шолу. Баймұрзаева Айтжамал Жантеліқызы 1970 жылдары қазақ ұлттық педагогикалық университетіне оқуға түсіп, кітапханашы-библиограф мамандығы бойынша үздік тәмамдап, өзінің туған өлкесіне қызмет

## КІТАППЕН ӨТКЕН ҒҰМЫРЫ

алушыларға ұсынылды. Келген қонақтар көрмемен танысып, бұдан соң «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары мен кітапхана мамандарының бірлесіп ұйымдастырған мәдени іс-шарасына жалғасты.

Кеш сахнасы Баймұрзаева Айтжамал Жантеліқызы туралы естелік бейне баянмен ашылып, әнші Берік Әсербайдың орындауындағы «Бала сағыныш» әнімен әуезделді.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» - дегендей еске алу кешінде кітапхана саласын қырық жыл басқарып, кітапхана ісінің дамуына өзіндік сүбелі үлесін қосқан Айтжамал Жантеліқызы жайлы естеліктер айтылып, жарқын бейнесі, еңбек жолы, өмір белестері еске алынды.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ашып, кітапхана жүйесінде адал қызмет атқарған Айтжамал апай туралы сөз қозғады. «Қырық жыл бойы үздіксіз кітапхана жүйесінде адал қызмет атқарған Айтжамал апайымыз туралы қанша сөз қозғасақ та, артық етпейді. Біз бала кезден біліп, көріп, танып өскен нағыз маман иесі өкінішке орай ортамызда жоқ. Биыл болғанда мерейлі жетпіс жасын тойлайтын едік. Амал нешік, өзі бұл өмірден өтсе де, ұлы жолын ұлылыққа бастап кетті. Кейінгі кітап сүйер оқырманға, еліміздің жарқын болашағы балаларымызға Айтжамал апайымыздың бойындағы ізгілік пен парасаттылық, адамгершілік пен адалдық асыл қасиеттері дарып, рухани әлемде өзіндік орнын қалыптастыра білетін көшбасшылары мен кітап жанашырлары болуын тілеймін деді-аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов.

Адамзат баласының ғұмыры қысқа болғанымен, артында өнегелі істер қалдырып, белгілі бір саланы мықты меңгеріп, өзі өмірден өтсе де, еңбегі мен қызметі, айналасындағы адамдарға жасаған жақсылықтары мен жанына жақын тарта білетін жылылығы естен кетпейтін адамдар болады. Кезінде партия қатарына қабылдау аса қатаң жүргізілетін. Айтжамал Жантеліқызына сенім білдіріп, партия қатарына қабылданады. Білімді де талапшыл маман ретінде танылған ол білім беру және мәдениет бөлімдерінің партиялық бастауыш ұйымына жетекші болады, жауапкершілікті толықтай сезініп, мінсіз қызмет атқарады. 1980 жылдардың басында одақ бойынша кітапханаларды орталықтандыру қолға алынады. Міне, тап осы кезеңде Айтжамал Жантеліқызының іскерлігі ескеріліп, басшылық қызметке ұсынылады. Айтжамал Жантеліқызы кітапхана саласының дамуына өзінің үлкен еңбегін қалдыра білді. Іскер басшы, білікті маман

### Дүние серік болмас әр адамға

Дүние серік болмас әр адамға- деп бір кездері достармен қимай-қимай қоштасқан едік.

Иә, ойда жоқта қолыма қалам алдым. Бұған себеп өмірден озып кеткен бауырым, сыныптасым, сырласымды еске алу.

Иә, өмір деген осы! Жалған дүние өзінің жалғандығын әрқашан да мойындатады екен-ау! деп ойға баттым.

Айекеңе естелік жазуды ойлағанымда сыныптастармен 45 жылдық кездесуіміз көз алдыма келді. Сол кеште Айекеміз



гүлдей құлпырып, семсердей серпіліп, жұлдыздай жарқырап кешті кереметтей жүргізіп, отырысымыздың сәні мен көркін аша түсті. Оның осы кештегі белсенді қалпы әлі есімде...

Айекең сыныптастардың бас қосуында сол отырыстың әдемі жүргізілуіне үлкен дайындалып, белсенділік танытып, 70-90-ға жуық сыныптастарға мақтау қағазын және естен кетпес, түрлі тақырыптарда жазылған номинацияларын өз қолымен сахнаға шақырып, құттықтап бәрімізге кереметтей көңіл-күй сыйлады.

Сол естен кетпес кештен мағанда «Сынып-шуағы» (Солнце класса) Манабаева Сәлия Айтуарқызы-деп шақырғанда қуаныштан жүрегім аузыма тығылды.

Оның себебі де бар еді. Елде жырақта жүрген мені кім еске алар дейсің!- деген күдігімді Айекең күндей жарқыратып ашып жіберді.

Оның әрбір ісі осындай болатын, нәтижесі жарқырап көрініп тұратын.

Жұлдыздай жарқырап, семсердей кесіп түсер өткір еді. Өз ісіне адал шаршау шалдығу дегенді білмейтін еңбекқор жан болатын.

Қыз да болса жігіттердің қолынан келмейтін тамаша істерді атқарып, білім нәрін шашып, жүрген аялы жан еді...

Бақыл бол, аяулы дос, бауырым!

Сәлия МАНАБАЕВА.

ретінде өзінің қарамағындағы кітапханашыларына да дәл солай талаппен қарайтын.

-Кітапханашылардың кәсіби мамандықтарының шыңдалуына түрлі бағыттағы семинарлар, байқаулар іс-тәжірибелер алмастырып, білім деңгейлерін көтеріп мамандықтарына сүйіспеншілікпен қарауға бағыттайтын. Жарқын істерімен ел есінде қалған жанды, әріптестері, шәкірттері қоңыр күздің осы бір күні сағынышпен еске алды. «Кітапханашымын» деген әрбір маманға өз мамандығының қыр-сырына үңіле білуге, қатардағы маман емес, «нағыз маман» «үлгілі ұжым» боп қалыптасуға өз ықпалын салып берген дара басшы болғаны анық. Мәдениетті жан ретінде, өз қарамағындағы мамандарынан білім мен қоса тәртіп болуын қатаң талап ететін, басшы ретінде қаттырақ батыңқырап сілкілеп те алатын, қамшылай отырып қолпаштай да білетін деді-шәкірті, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы Эльмира Бейсекұлова.

Қырық жылға жуық еңбек жолында Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесін облыс көлемінде алдыңғы қатарлы кітапханалар қатарынан көрінуіне үлкен үлес қосып, қажырлы еңбек етіп, өмірде адамдармен дұрыс қарым қатыныс ұстай білген, ұжымның микроклиматын дұрыс бағытқа қоя отырып, жұмысты жүйелендіре білген іскер азаматша Айтжамал Жантеліқызының қайталанбас жарқын бейнесі мәңгі есте қалары сөзсіз -дейді әріптестері.

Аталған шараға аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, замандас досы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов және үзенгілес қызметтестері М.Асқаров, П.Сақталбергәнұлы, Т.Кәрібеков, А.Ембергенова Айтжамал Жантеліқызының көзін көрген басқа да зиялы қауым өкілдері мен сыныптас, жора жолдастары, әріптестері мен ағайын-туыстары қатысып, көптеген қызмет барысында, күнделікті өмір өткелдерінде орын алған естеліктерімен бөлісті.

Айта кеткен жөн болар, қырық жылға жуық өлке мәдениеті саласында жемісті қызмет жасаған Айтжамал Жантеліқызы 2013 жылы зейнеткерлікке шықты. Бейнеттің зейнетін көремін деп жүргенде 2016 жылы Алланың өлшеп берген өлшеулі жасы жетіп, көгілдір көктемнің 1 наурызында, 64 жасқа

атқаруға білек сыбана кірісіп, бүкіл еңбек қызметін бір салада, туған ауылына, халқына арнаған. Азаматтық тұлғасы арлы, кітапханашылық қызметі адал, Айтжамал Жантеліқызын үлкендер ізгі тілекпен қолдап, кішілер құрмет тұтты. Бүгінгі Айтжамал Жантеліқызына тақырыпты «Кітаппен өткен ғұмыры» деп алуының өзі, жәйдан-жәй емес. Қырық жыл осы салада адал қызмет атқарып, ыстығы мен суығына төзіп, рухани әлемде өзіндік орнын қалыптастырып, ғұмырын кітапқа, білімге арнаған кітап жанашыры, рухани орданың көшбасшысы болғаны анық. Айтжамал Жантеліқызының кітапхананы басқарған жылдары кітапхана жұмысымен танысқан ұлы жазушы Шерхан Мұртаза «Созақтың кітапха-



налары Астана мен Алматыға үлгі боларлықтай» деп өзі әділ бағасын беріп кеткен болатын.

Мамандық көп, бірақ сол мамандықтың ішінде кітапханашы мамандығына деген ерекше қызығушылығы оянып, жастайынан жанынан кітабын тастамай, білімге деген ерекше ықыласы артып, мәдениеттілік пен қарапайымдылықты, нәзіктікті жанына арқау етіп арқалап кеткен Айтжамал Жантеліқызының жарқын бейнесі еш уақытта, оқырмандардың, кітап сүйер қауымның санасынан өшпейтіні сөзсіз.

Нұржамал МАЙУСОВА.



Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Алайда, біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипа-

кери әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі ба-сымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Жастардың алған білімдері оларды өмірде туындаған кез келген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенгіміз келеді.

Бұл дерттің жаппай жойыл-мау жолын жастардың сыбай-лас жемқорлыққа қарсы сана-

## Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!

ты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тар-ту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына

сын қалыптастырудан бастауымыз керек. Ендеше жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына көмектесудің алғышарттарының бірінен саналады. Атап айтқанда, ол үшін, ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

**Марина ШИТБАЕВА,**  
**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ**  
**Түркістан облысы бойынша филиалының Созақ аудандық тіркеу және ка-дастры бөлімінің бас ма-наны.**

## Жемқорлыққа қарсы саясат

Сыбайлас жемқорлық-мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, паракорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершіліктіреттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамымызды қатты алаңдатып отырған келеңсіз көріністердің бірі екені еш жа-сырын емес. Бұл қылмыс түрімен қоғам болып күресу мақсатында көп іс – шаралар қолға алынуда. Біздің ел – ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған бірінші мемлекет. Мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмыстарының нысандылығы мен тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері Елбасының жеке бақылауында тұрған-

дығына негізделген.

Сыбайлас жемқорлықтың өзекті мәселелері, оның пайда болуы, онымен күрес жүргізудің қылмыстық-құқықтық құралдары қызу пікір таластарын туғызу үстінде. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесіндегі сәйкесті буындарды тұншықтырып, олардың қалып-ты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Қазіргі заң талаптарына сай пара алушылармен қатар пара берушілер де жазаланады. Әрдайым қызмет бабында теріс әрекеттер жасайтын адамдардың жең ұшымен жалғасып, заңсыз пайда табуға іші тартып тұруының астарында заңды айналып өту үшін пара беретіндердің аярлық әрекеттері де көрінбей қалмайды. Ең бастысы, әр адам өз құқығын қорғай білуі керек. Бұл жөнінде заңнама ережелері толық айқындалған. Егер әркім өзінің құқығын қорғап, заңға сай әрекет жасайтын болса, кейбір тойымсыз шенеуніктердің төрешілдігіне қарсы тұрып, алдап-арбауына, әртүрлі қулық-сұмдығына көнбес еді. Өкінішке қарай, кейде жекелеген адамдардың өздері де мұндай теріс іс-әрекеттердің орын алуына себепкер болып жатады. Сондықтан да құқықтық біліктілік пен мәдениет, заңды сыйлау – бірінші кезекте тұруы тиіс. Ендеше, қазір қоғамда көп айтылып жүрген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршаның ортақ ісі болуға тиіс.

**А.КУЛМЕНОВ,**  
**ҚР ДСМ СЭБК «УСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімше бастығы.**

## Созақ ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының хаттамасы

**Созақ ауылы №4 28.11.2022 жыл**

Жиналысқа қатысқан барлық адам саны: 27  
Жиналысқа өзге де адамдар қатысқан жоқ.  
Қатысушылар тізімі: Созақ ауылдық әкімінің орынбасары Байкөбек Жомарт Жолдасұлы, ауылдық округі әкімі аппаратының инфра-структура тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі бас маманы Санкибаев Жанболат Дуйсенбиевич, Созақ ауылдық округі бойынша сайланған қоғамдастық мүшелері: Шорманов Жарқынбек Шалбекұлы, Қаракей Амангелді Табылдыұлы, Сегізбай Бекболат Илясұлы, Жұманазаров Жүніс Балтабаевич, Аманбаев Берік Абдіқадырұлы, Ермекебаев Жарас, Боқашев Темірәли, Жүсіпов Байсын, Смайлов Жұмабай, Исаков Болат Құлменұлы, Жылқыбаев Сәдуақас, Аязбаев Қожабай, Егенов Акимжан Иманбердиевич, Дәуренбеков Ерғеш, Жұмабеков Мақсат Барлыбайұлы, Садиев Шәкір, Сериков Қалдыбек Әбілдаұлы, Анетов Ғалымжан Қуандықович, Сүйінбеков Ержан Теріскенбайұлы, Жұмабеков Қанат Сейітбекович, Бұзауов Қайрат Анарбаевич, Есжанов Нұрполат, Давенов Сулейман, Маханов Бектас, Сабденбай Тынышбек Мұсабекұлы, Барлығы: 27 адам.

Жиналыс төрағасы: Байкөбек Жомарт Жолдасұлы

Хатшысы: Санкибаев Жанболат Дуйсенбиевич

### Күн тәртібінде:

Созақ ауылдық округі, Созақ ауылының №5 көшесіне «Алаш», Созақ ауылының №6 көшесіне «Тәуелсіздік», Созақ ауылының №7 көшесіне «Сарайшық», Созақ ауылының №8 көшесіне «Қаратау», Созақ ауылдық округі, Ыбырай елді мекенінің №1 көшесіне «Алтын Орда», Созақ ауылдық округі, Көктөбе елді мекенінің №1 көшесіне «Сауран», Көктөбе елді мекенінің №2 көшесіне «Тұран», Көктөбе елді мекенінің №3 көшесіне «Жерұйық», Көктөбе елді мекенінің №4 көшесіне «Медуеу», Көктөбе елді мекенінің №5 көшесіне «Ақшоқы», Көктөбе елді мекенінің №6 көшесіне «Жібек жолы» атауларын беру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауылдық округі әкімінің орынбасары Байкөбек Жомарт Жолдасұлы сөз сөйлеп, Созақ ауылдық округі, Созақ ауылы, Ыбырай, Көктөбе елді мекендерінің атауы жоқ көшелеріне жаңадан атау беру қажеттілігі туындап отырғандығын айтты.

Созақ ауылдық округі, Созақ ауылының №5 көшесіне «Алаш», Созақ ауылының №6 көшесіне «Тәуелсіздік», Созақ ауылының №7 көшесіне «Сарайшық», Созақ ауылының №8 көшесіне «Қаратау», Созақ ауылдық округі, Ыбырай елді мекенінің №1 көшесіне «Алтын Орда», Созақ ауылдық округі, Көктөбе елді мекенінің №1 көшесіне «Сауран», Көктөбе елді мекенінің №2 көшесіне «Тұран», Көктөбе елді мекенінің №3 көшесіне «Жерұйық», Көктөбе елді мекенінің №4 көшесіне «Медуеу», Көктөбе елді мекенінің №5 көшесіне «Ақшоқы», Көктөбе елді мекенінің №6 көшесіне «Жібек жолы» атауларын беру ұсынылып отырғандығын айта отырып, көшелерге берілетін жаңа атаулардың шығу тарихымен таныстырып өтті.

Өзара пікір алмасу мазмұны

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қоғамдастық мүшелері өз пікірлерін айтты:

«Алаш» (ежелгі түрік сөзі— бауырластар, қандастар, туыстар)-көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Созақ ауылының №5 көшесіне «Алаш» атауын беру оңды ұсыныс.  
«Тәуелсіздік» - ұғымының қазақ еліне қаншалықты ыстық, қымбат екенін Қазақ елінің тәуелсіздігі мәңгілік болсын деген тілекпен. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Созақ ауылының №6 көшесіне «Тәуелсіздік» атауын беру оңды ұсыныс.

«Сарайшық»—орта ғасырлық қазақ тарихында орны ерекше қала. Қазақ хандығының тарихы, Дешті Қыпшақ даласындағы алғашқы мәдени қатынастар – барлығы да дәл осы қаланың мазмұнымен астасып жатыр. Сондықтан болар, оның тарихи көзқарастан бөлек, біздің қоғам үшін маңызы да, мәні де зор. Созақ ауылының №7 көшесіне «Сарайшық» атауын беру оңды ұсыныс.

«Қаратау» - Қарт Қаратау таулары өз қойнауында талай сыр, талайтарихты бүгіп жатыр. Сонау қазақ тарихында қасиетке толы 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сқламаның» қайғылы оқиғалары осы өңірде терең із қалдырған. Созақ ауылының №8 көшесіне «Қаратау» атауын беру оңды ұсыныс.

«Алтын Орда» - Жошы ұлысы орнаған ұланғайыр даланың Дешті Қыпшақ бөлігі –

бүгінгі Қазақ елінің байырғы мекені. Қазақстан өзінің мемлекеттілік дәстүрінің қалыптасуында осы тарихи кезеңге үлкен мән береді. Ыбырай елді мекенінің №1 көшесіне «Алтын Орда» атауын беру оңды ұсыныс.

«Сауран»— XII ғасырда ірі сауда орталығы ретінде ірге тасы қаланған. Түркістанның солтүстік-батыс жағындағы 30 шақырым жерде орналасқан орта ғасырдағы тарихи қалалардың бірі. Көктөбе елді мекенінің №1 көшесіне «Сауран» атауын беру оңды ұсыныс.

«Тұран» – Түркістан өлкесінің көне атауы. Тұран сөзі «түр» және «ан» сөздерінен құралған, «түр» - халық атауы, «ан» - елі, жері деген мағына, яғни «түр елі». Мемлекет атауы «Тұр-ан» деп, халқы «түр-ік» деп аталған. Көктөбе елді мекенінің №2 көшесіне «Тұран» атауын беру оңды ұсыныс.

«Жерұйық» -дегенде біріншіден, құтты мекен ойға оралады, ол қазақ халқының тарихында Асан қайғының философиясымен тығыз байланысты. Көктөбе елді мекенінің №3 көшесіне «Жерұйық» атауын беру оңды ұсыныс.

«Медуеу» - тау шатқалында, теңіз деңгейінен 1691 метр биіктікте, Қазақстанның оңтүстік астанасы Алматы маңында, «Шымбұлақ» тау курорттық сәт төмен орналасқан биік таулы спорт кешені. Көктөбе елді мекенінің №4 көшесіне «Медуеу» атауын беру оңды ұсыныс.

«Ақшоқы»— Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданының солтүстігінде орналасқан тау. Ақшыл тасты, биік таулы жер. Көктөбе елді мекенінің №5 көшесіне «Ақшоқы» атауын беру оңды ұсыныс.

«Жібек жолы» - адамзат өркениеті жасаған тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол, Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында, VI ғасырдан бастап екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары бағыттары кең өрістелген. Көктөбе елді мекенінің №6 көшесіне «Жібек жолы» атауын беру оңды ұсыныс.

Созақ ауылындағы №5, №6, №7, №8, Ыбырай елді мекеніндегі №1, Көктөбе елді мекеніндегі №1, №2, №3, №4, №5, №6 көшелердің осы уақытқа дейін атауының болмауы көше тұрғындарына қолайсыздық туғызып отыр;

Созақ ауылдық округі, Созақ ауылының №5 көшесіне «Алаш», Созақ ауылының №6 көшесіне «Тәуелсіздік», Созақ ауылының №7 көшесіне «Сарайшық», Созақ ауылының №8 көшесіне «Қаратау», Созақ ауылдық округі, Ыбырай елді мекенінің №1 көшесіне «Алтын Орда», Созақ ауылдық округі, Көктөбе елді мекенінің №1 көшесіне «Сауран», Көктөбе елді мекенінің №2 көшесіне «Тұран», Көктөбе елді мекенінің №3 көшесіне «Жерұйық», Көктөбе елді мекенінің №4 көшесіне «Медуеу», Көктөбе елді мекенінің №5 көшесіне «Ақшоқы», Көктөбе елді мекенінің №6 көшесіне «Жібек жолы» атауларын беру жөніндегі ұсынысты қолдаймыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, дауысқа салып шешім қабылдау ұсынылды. Жоғарыда айтылған ұсынысқа байланысты жалпы жиналыспен:

### Қабылданған шешім:

Жиналыс барысында қоғамдастық мүшелері: Шорманов Жарқынбек Шалбекұлы, Қаракей Амангелді Табылдыұлы, Сегізбай Бекболат Илясұлы, Жұманазаров Жүніс Балтабаевич, Аманбаев Берік Абдіқадырұлы, Ермекебаев Жарас, Боқашев Темірәли, Жүсіпов Байсын, Смайлов Жұмабай, Исаков Болат Құлменұлы, Жылқыбаев Сәдуақас, Аязбаев Қожабай, Егенов Акимжан Иманбердиевич, Дәуренбеков Ерғеш, Жұмабеков Мақсат Барлыбайұлы, Садиев Шәкір, Сериков Қалдыбек Әбілдаұлы, Анетов Ғалымжан Қуандықович, Сүйінбеков Ержан Теріскенбайұлы, Жұмабеков Қанат Сейітбекович, Бұзауов Қайрат Анарбаевич, Есжанов Нұрполат, Давенов Сулейман, Маханов Бектас, Сабденбай Тынышбек Мұсабекұлы, барлығыөзара ақылдасып: Созақ ауылдық округі, Созақ ауылының №5 көшесіне «Алаш», Созақ ауылының №6 көшесіне «Тәуелсіздік», Созақ ауылының №7 көшесіне «Сарайшық», Созақ ауылының №8 көшесіне «Қаратау», Созақ ауылдық округі, Ыбырай елді мекенінің №1 көшесіне «Алтын Орда», Созақ ауылдық округі, Көктөбе елді мекенінің №1 көшесіне «Сауран», Көктөбе елді мекенінің №2 көшесіне «Тұран», Көктөбе елді мекенінің №3 көшесіне «Жерұйық», Көктөбе елді мекенінің №4 көшесіне «Медуеу», Көктөбе елді мекенінің №5 көшесіне «Ақшоқы», Көктөбе елді мекенінің №6 көшесіне «Жібек жолы» атауларын беруді бірауыздан мақұлдауды шешті.

### Жиналыс төрағасы:

**Байкөбек Жомарт Жолдасұлы**

### Жиналыс хатшысы:

**Санкибаев Жанболат Дуйсенбиевич.**



# Қоңыр кеште қонған ой

## СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!



Редакция пошта-сына Тоқтанов Мұратбек Ділмұратұлы мен Түзелбек Құрамыстың өлеңдері келіп түсті. Екі ақынның да өлең өлкесіне қосар өзіндік үлестері бар екендігі байқалады. Ақындарға сәттілік тілеп, оқырман назарына өлеңдерін ұсынып отырмыз.

Тоқтанов Мұратбек Ділмұратұлы. 1975 жылы Түркістан облысы Созақ ауданы, қасиетті Қаратаудың Теріскей бетіндегі Қарасай жайлауында малшының отбасында дүниеге келген. 1982 жылы Балдысу елді мекеніндегі Ж.Жабаев атындағы орта мектептің табалдырығын аттаған. 1992 ж сол мектепті үздік бағамен бітіріп шыққан. 1993-1995 жылдары аралығында Отан алдындағы парызын өтеген. 1997 жылы Алматы қаласына келіп ҚАЗ Бас Сәулет академиясына оқуға түсті. Қазіргі таңда жеке кәсіппен айналысады. 7-сыныптан бастап өлең жаза бастады. Қазіргі таңда бірнеше Республикалық газет-журналдарға өлеңдері жарияланған. «Өмір өткелдері» жыр жинақ кітабына бірзас өлеңдері енді. Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі. Бірнеше республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері атанған. Отбасында әйелі, екі ұлы бар.

## Қоңыр кеште қонған ой

Кеттім тағы беріліп қиялға сан,  
Отқа қарап отырмын, тұрам қашан?  
От па мені, мен отты арбадым ба?  
Сыр аңдасам, қайтпейін ұға алмасам.

Бір көбелек өлді әне, шоқ сабалап,  
Ойнағанды ұнатып, отқа қарап.  
Ойға шомып ұмытам, кейде мен де,  
Мына әлемді бір сәтке жоққа балап.

Толастаған санада қиял қашан,  
Қиялдаймын мен солай қиялдасам.  
Танымымды түндегі, таңғы ұрлатып,  
Өзімді өзім алдадым, бір алдасам.

Оңашада отты ойды кім үзіп тұр,  
Оттан түскен көлеңке, құбыжық бір.  
Арасынан жалынның ұшып шығып,  
Қонып жатыр санама, бір үзік сыр.

## Кітапханадағы ой

Өмірде мынау жақсы мен жаман аңдасқан,  
Ақындар қайда, кеудесі биік нар қасқам.  
Оқырман қайда, көңілі ашық көреген,  
Сөреден көрем, тізілген кітап шаң басқан.

Саналы ғұмыр, сорғалап терін төккен деп,  
Көмескі ойлар, еңсемді басар көктем кеп.  
Табалдырыққа тағзым етпей өтпейік,  
Ұлы тұлғалар, қанша рет аттап өткен деп.

Тұрғандай әлі, терезе тұстан нұр тамып,  
Елеусіз өткен күндерді еске тұр салып.

Бақытсыз жанға өмірдің өзі бір тамұқ,  
Бақытты ақын, баянсыз күнде тұрса нық.

Қиыннан талай, қиыстырса да жол салған.  
Қол созған айға, орындардай болса арман.  
Ұлы адамдардың, қалықтап жүр-ау рухы,  
Осынау жерде, тас қабырғамен қоршалған.

Ғасырлар куә, үлкенді кіші өкшелеп,  
Келесі буын, беретін ұлы көшке леп.  
Көмкерген ойды көтеріп шығып көлемін,  
Көтермей қайтпем, көтермеуге де жоқ себеп.

## Шабыт!

Шабыт қайда дейсің бе, шабыт қайда?  
Жасырынып жатыр-ау, алыс жайда.  
Қасымда болса қарап тұрмас едім,  
Кейде ақынмен шабыты, табыстайды ә.

Қайда десем, тұрма екен қарап қырдан,  
Қарап қырдан, құладай таң астырған.  
Шу дегенім керек пе жануарға,  
Алып қашар алысқа, жарап тұрған.

Көзін сүзіп жүр ме екен сұлудай бір,  
Сұлу болсаң жәй ғана жымьыңдай жүр.  
Жыр жазғым көп тұрғаны-ай, Аруларға,  
Сегізінші наурыз ба?, бүгін қай күн?.

Тауға түскен нұрындай арайланар,  
Шапағы ма? Таңдардың тау аймалар.  
Шабыт деген сол болар, кеудеме әкеп,  
Жер дүние сыйғызған, Шарайна бар.

Көктің жасын көлдеткен солқылдатып,  
Көк теңізді тулатқан, толқындалатып.  
Бәрі шабыт!, жартас та жағалауда,  
Тесін тосқан аяусыз, толқынға тік.

Бір айналып соғарсын, кете барып,  
Сағым шабыт, алдымнан өтер ағып.  
Самал болып келер де, ту сыртымнан,  
Құлағыма сыбырлап кетері анық.

## Көңілден көшші күз сарын

Шөліркеген сенімге пендең едім,  
Сенім екен өмірде ең керегің.  
Таңдайыма татитын сусын таппай,  
Сарайында санамның сенделемін.

Мұнараға шығайын мұңды арқалап,  
Көз алдымда көкжиек, тұрған қарап.  
Бұлтсыз күні бұлдырап дала жатыр,  
Мына көңіл не іздеп, кімді аңсамақ.

Бұлдыраған дүние, бұлдыр көңіл,  
Батырғысы келеді құрдым небір.  
Жетім көңіл сезердей жәутеңдеуін,  
Бастан тағы сыйпады, бір күнгі өмір.

Тағым да жоқ, қоярдай тағымды алып,  
Мен отырмын, ой кеткен сағым бағып.  
Ұшықтай кет, ей өмір бүгін тағы,  
Әзер жүрген пендең ем, жанын бағып.

Тәнім менің аш емес, жаным жүдеу,  
Жан дауасын, аз болар сағынды деу.  
Биігімде өзімнің отырайын,  
Сырттан келіп бермейді, бағын біреу.

## Керім ойдың орамы

Түйін іздеп сезімге түнектөрден,  
Күйін іздеп көңілдің күн өткерген.  
Жасын түссө жанына, жасымаған,  
Жәйдің өзі жәй тапқан жүректерден.

Самала шақ сабырсыз ауып, тасып,

Пейіш күйдің пернесін тауып басып.  
Бозбала күн, бұл күні боздайды кеп,  
Сағыныш сал, санадан сауық қашып.

Түндерді ұрлап, жүрекке сый көмілген,  
Түндерді ұрлап, көңілден күй тәгілген.  
Иле тағы уақыт, иім қансын,  
Босқа кетпей итшілеп, ит өмірден.

Мұратбек ТОҚТАНОВ,  
Алматы қаласы.

\*\*\*

Түзелбек Құрамыс Бақытұлы 1999 жылы Бабата ауылында дүниеге келген. Мәншүк Мәметова атындағы орта мектептің түлегі. Мектеп қабырғасынан өлең жазумен айналысады. Бірнеше байқаулардың жүлдегері. Эл-Фараби атындағы ұлтық университеттің экономика факультетін тәмамдаған. Бүгінгі күні жеке кәсіппен айналысады.



## Өмір

Үнсіз ғана...  
Қара жол, келем жалғыз, үнсіз дара.  
Кербездене ағаштар қалып барад,  
Сөйлемейді табиғат, үнсіз дана.

Оңашада...  
Ойландым, бұл күнім болашаққа жол аша ма?  
Көкжиекке күн келіп көтеріліп,  
Тау да қалып барады-ау аласара.

Уақытында...  
Қуана білген жандар биікте жүр - бақытына.  
Темірді қызғанда соғатынын білген жандар,  
Сәтті күтіп жүр қол созбай жақұтына.

Дүние ұста...  
Өтеді де кетеді, сезбейміз де біз оны осы тұста.  
Аман сау ояңғаны адамдардың жарты бақыт,  
Бағалап білейік біз барымызды, өмір қысқа.

Қас-қағымда...  
Күліп өмір, сүрейін жас шағымда.  
Қартайғанда ғибраты бар болады,  
Адамның алған білім, жас шағында.

Еңбекпен...  
Көңілін жамандыққа демдетпеген.  
Адамнан Тұлға шығып жарық болар,  
Сәби де жүрмей тұрып еңбектеген.

Иіріммен...  
Өмірде келем өтіп өтіп мейіріммен.  
Өзгеге де жақсылық ойлап жүріп,  
Нәтижесін алармын пейілімнен.

Жамандығым...  
Жасағаным болса егер өтейді оны адамдығым.  
Кемшіліксіз жалғыз бар Алла ғана,  
Адал жолға салатын адам ұлын.

Өткен күнім...  
Өкінбестей өтейік біз етпей бүгін.  
Тұзу ниет, адал жол жүре білсе,  
Адамды өз орнынан шектепті кім.

Жаратқанның...  
Көтере білейік біз күле жүріп сынақтарын.  
Жаратушы пендесіп ескергенде,  
Пенделері ұмытпайық Жаратқанын.

Түзелбек ҚҰРАМЫС,  
Бабата ауылы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:  
Абилпаттаев Ержан  
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:  
Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы  
Мақсат Қарғабай  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайншы-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терішші-  
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады. Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
161000, Шолақорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.